

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЛАРЫН ӨТКІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Ережепова Р.Ғ.**

*В статье рассматриваются процессы политической демократизации в законодательных органах РК после обретения независимости, в том числе, годы становления Парламента РК, проблемы проведения выборов, полномочия Парламента в соответствии с Конституцией РК.*

*In the article, the processes of political democratization in legislative organs in RK after giving independence, the problems of elections, authorities of the Parliament according to the Constitution of RK, are considered.*

Қазақстан Республикасының Парламенті – Қазақстан Республикасының жоғары өкілді және заң шығарушы органы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 49- бабына сәйкес Парламент-Республиканың заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғарғы өкілді органы болып табылады. Конституциялық құқық институтының бірі ретіндегі Парламент тарихы тым әріден басталады. Мәселен, ағылшын Парламенті тіпті XI-XIII ғ.ғ. пайда болған. Конституциялық қоғамға басшылық жасаудың белгілі бір жүйесі ретіндегі парламентаризм тарихы сонау буржуазиялық революция кезеңдерінен бастау алады. Парламент пен парламентаризм өзара байланысты ұғымдар, дегенмен бірдей емес екендігін айта кету керек.

Парламентаризм парламентсіз өмір сүре алмайды, ал парламент парламентаризм элементтерінсіз өмір сүре алады. Парламентаризм элементтері ең алдымен биліктерді бөлу, өкілдік және заңдылық болып табылады. Өкілдік принципі Қазақстан Республикасы Парламентінің сайлау жолымен құрылғандығын көрсетеді. Парламентаризмнің негізгі идеяларының қазақ топырағына тамыр салуына Кеңес Одағының құлап, Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен ғана кейін туды. Қазақстандағы демократиялық өзгерістер процесі кәсіпқой Парламент пен парламентаризмді қалыптастыруды аса маңызды міндеттер ретінде алға тартып отыр.

Үлкен заң сөздігі парламентаризмге келесі анықтама береді: «Парламентаризм – дегеніміз өкілетті орган-парламенттің басқа органдармен арақатынастағы формальды үстемдігін білдіретін заң шығару және атқару қызметтерін айқын бөліумен сипатталатын құқықтар жүйесі.

Парламентаризм жағдайында үкіметті парламент құрастырады да, ол оның алдында жауапкершілік көтереді» [1].

Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша президенттік республикадағы парламентаризмді Парламенттің министрлерге сенімсіздік білдіру мүмкіндігіне иелігімен сипатталатын мемлекеттік басқару жүйесі деп ұғыну кең тараған. Парламент, ең алдымен, ең жоғарғы өкілетті орган, оның негізгі міндеті әртүрлі әлеуметтік күштердің мүддесін көздеу, солардың арасында ымырашылдық іздестірудің «аренасы», солар арқылы қоғамда орын алып отырған қайшылықтарды реттеу. Халқы өкілеттілігінің жоғарғы органы ретінде Парламент оның егеменді ырқын білдіруге тиіс және қоғам өмірінің аса маңызды мәселелерін, негізінде, заңдар қабылдау жолымен реттеу болып табылады.

Әралуан елдер Парламенттерінің аталуы да, өкілеттікке иелік мөлшері де әртүрлі. Парламенттік басқару формасы қолданылатын елдердің бірқатарында Парламенттің құзіреттері шектелмейді (мысалы, британ Парламенті); құзырлары абсолютті шектелген Парламенттер (француз Парламенті) немесе құзіреті белгілі бір мөлшерде шектелген Парламенттер де бар.

Қазіргі Қазақстан Парламенті бір палаталы өкілді органның – алғаш рет Қазақ КСР-нің 1937 жылғы Конституциясы, ал, содан кейін Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясы мен Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы негізінде құрылған Жоғарғы Кеңестің орнына келді. Жоғарғы Кеңес өзі жұмыс істеген кезде 13 рет сайланды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің алғашқы сайлауы 1938 жылғы 24 маусымда өткізілді. Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізілді. Ол уақытта депутаттар корпусын құру баламасыз негізде Коммунистік партияның қатаң бақылауымен жүргізілгенін атап өту керек. Депутаттыққа кандидаттар партия ұйымдары белгілеген таптық, партиялық, ұлттық, жыныстық-жастық және басқа да квоталар бойынша іріктелді. Сондықтан заң шығару органының құрамында қанша жұмысшы, колхозшы, қызметші, коммунист, комсомол мүшесі, қазақ, орыс, украин, сондай-ақ, басқа да ұлт өкілдері, әйелдер, жастар және т.с.с болатыны сайлау басталмастан бұрын белгілі болатын. Мемлекеттік органдардың жоғарғы шенеуніктері, партия, комсомол және кәсіподақ органдарының басшылары атқарып жүрген қызмет лауазымдарына сәйкес депутаттыққа кандидат болып ұсынылатын.

Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясы сайлау жүйесіне аз ғана өзгерістер енгізді. Еліміздің осы Негізгі заңына сәйкес Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мемлекеттік биліктің жоғарғы органы болып табылды. Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесі КСРО Конституциясымен және Қазақ КСР жүргізуіне жатқызылған мәселелердің барлығын шешуге өкілетті болатын. Жоғарғы Кеңестің жұмыс органы – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы Жоғарғы

Кеңестің сессиялары аралығында қажет болған жағдайда Қазақ КСР қолданыстағы заңнамалық актілеріне өзгерістер егізіп, оларды кейінгі кезекті сессияның бекітуіне ұсынатын. Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесі, қажет деп санаған жағдайда, кез келген мәселе бойынша тексеру комиссияларын және өзге де комиссияларды құратын. Барлық мемлекеттік және қоғамдық органдар, ұйымдар мен лауазымды тұлғалар тұрақты және өзге де комиссиялардың талаптарын орындауға, оларға қажетті материалдар мен құжаттарды беруге міндетті болатын. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-нің жүргізуіне жатқызылған кез келген мәселені қарап, шешуге уәкілетті еді.

1990 жылғы наурызда 12-ші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сайлауы өтті. Бұл әкімшіл-әміршіл жүйенің ықпалы әлі де жеткілікті болып тұрған жағдайдағы республиканың жоғары заң шығару органының алғашқы демократиялық сайлауы болатын. Сайлау алдындағы тартысқа 360 депутаттық мандат үшін екі мыңнан астам үміткер қатысты. Республикалық қоғамдық ұйымдардан 90 адамның сайланғаны да аталған сайлаудың бір ерекшелігі болып табылады. Бұл сайлау толыққанды саяси партияла болмаған жағдайда өткенімен, тоталитарлық жүйенің өзгеру процестеріне бұлжымас сипат берді.

Он екінші сайланған Жоғарғы Кеңес Қазақстан Парламентаризмінің қалыптасу тарихында ерекше рөл атқарды. Бұл бірқатар аса маңызды құқықтық актілердің қабылдануында, мемлекеттің 90-шы жылдардағы саясатын заңнамалық жағынан қамтамасыз етуде көрініс тапты.

Он екінші сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 11-сессиясының жұмысы аяқталар қарсаңында жергілікті Кеңестердің төрттен бірінен астамы өз жұмысын тоқтатты. Осындай жағдайда халық қалаулылары Парламентқабырғасында өткізген ұзақ пікірсайыстардан кейін Сайлау туралы Кодекс, Республика Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттіктер беру туралы заң қабылдады.

Республиканың жоғарғы өкілді органының соңғы екі заңнамалық актіні қабылдауының маңызы іс жүзінде Конституцияға түзетулер енгізумен бірдей болды.

1994 жылғы 7 наурызда өткен сайлау республикада көппартиялылықтың қалыптасуына ықпал етті. Сайлауға сайлаушылардың 73,84 пайызы қатысты. 135 бір мандатты округтер бойынша 910 адам ұсынылып, тіркеу шарттарына 692 адам лайық болды, орташа алғанда -5 үміткер бір депутаттық мандат үшін күресті. 1994-1995 жылдар кезеңі қазақстандық парламентаризмнің қалыптасуындағы төтенше маңызды кезең болып табылады. 1994 жылғы сәуір-1995 жылғы наурыз аралығында жұмыс істеген он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес депутаттары тұрақты негізде жұмыс істеген Қазақстанның тұңғыш кәсіби парламенті болды.

90 жылдардағы тұрақты жұмыс істейтін корпорация ретіндегі ҚР Жоғарғы Кеңесі бірте-бірте кәсіпқой заң органына – Парламентке айналды. Бұл процестегі маңызды кезең – Қазақстан Республикасы 1995 жыл Конституцияның қабылдануы.

1995 жылғы 30 тамызда жалпы халықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында «Парламент» ұғымы алғаш рет ресми түрде бекітілді. Осыдан кейін ғана ел Президенті «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлыққа қол қойды, оған сәйкес қос палаталы Парламентке депутаттарды сайлау процесі 1995 жылдың соңында өткізілді. [2].

Қазақстан Республикасының қазіргі Парламенті екі Палатадан тұрады: Сенат және Мәжіліс. Сенаттың өкілеттік мерзімі – 6 жыл. Аталған мерзімнің тең жартысы өткеннен соң Сенат құрамының жартысы жаңартылады. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады (51-ші баптың 2-ші тармағы): Сенат әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және республиканың астанасынан екі адамнан, тиісінше әкімшілік-аумақтық бөліністердің барлық өкілеттік органдары депутаттарының бірлескен отырысында сайланатын депутаттардан құралады. Сенаттың жеті депутатын Парламент өкілеттігі мерзіміне Республика Президенті тағайындайды. Сөйтіп, Сенаттың депутаттары Парламентте әкімшілік-аумақтық бөліністердің мүддесін қорғайды. Осымен барлық региондар депутаттының тең өкілділігі проблемасы шешіледі.

Мәжіліс 5 жыл мерзімге сайланады да, ол 77 депутаттан құралады. 67 депутат республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі ескеріле отырып құрылатын және сайлаушылар саны шамамен тең бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады. Он депутат партия тізімдері негізінде тең өкілдік жүйесі бойынша және жалпыұлттық сайлау округінде аумақ бойынша сайланады.

Бұл жерде өкілдіктің екі формасы көрініс тауып, жалпы мемлекеттік және регионалдық мүдделерді есепке алу араласып кетеді де, олардың арасындағы ымырашылдық қамтамасыз етіледі.

Аталған проблеманың көкейтестілігі Парламенттің көптеген депутаттарының қазіргі кезде регионалдық мүдделерді қорғауға ынталы екендігіне байланысты. Парламентте ең алдымен кез келген мәселе мемлекеттік мүдде тұрғысынан шешілуі керек. Қазақстан аумағының кеңдігінен елдің әралуан региондарының мүдделері мен қажетсінуі де әртүрлі ерекшеліктерге ие, сондықтан да Парламент екі Палатадан құралады да, оның біреуі регионалдық мүдде жағында болады.

Парламент депутаттарының қажетті дауыс мөлшері болған жағдайда Парламент осы сәттен бастап, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің жобасын республикалық референдумға шығара алады. Осы

қағидамен Қазақстан Республикасы Парламентінің мәртебесі айтарлықтай арта түседі.

ҚР 1995 жылғы Конституциясының қабылдануымен Парламенттің өкілеттілігі де айтарлықтай өзгерістерге ие болды. Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың келесі тобы Парламент депутаттарының өкілеттік мерзімдерін ұзартуға қатысты.

Осы сәттен бастап Парламенттің Палаталарының өкілеттік мерзімі – тиісінше 5 және 6 жылға дейін ұзартылады. Бұл өзгерістер мемлекеттік өкімет билігінің біршама тұрақтануына әсер етеді. ҚР Конституциясы

Заңдарды Парламент қабылдайдайды дей келіп, 61-ші бабының 3-ші тармағында оның белгіленген шектен шығуға болмайтын заң шығару күзiреттерiн көрсеткен. Бұл бапта Парламенттің аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттеудің заң өрісіндегі шеңбері анықталған.

1995 жылдан бері қарай Қазақстан Республикасының Парламенті төрт рет сайланды : 1. 1996-1999 жылдар. 2. 1999-2004 жылдар. 3. 2004-2007 жылдар. 4. 2007 жылғы тамыз айы.

1995 жылғы Конституция бойынша елде жинақталған екі Палаталы орган – Парламент жұмыс істей бастады. Жоғарғы Палата - Сенат облыстық маслихаттардың депутаттарын жанама түрде сайлаумен жинақтайды. Сонымен бірге, Президент сенаттың 7 депутатын өзі сайлайды. Төменгі Палата- Мәжіліс төте сайлау жолымен сайланған 67 депутаттан құралады. (1999 жылдан бастап, партиялық тізім бойынша сайланған Мәжілісінің құрамы 10 депутатқа толығып отырады) [3].

ҚР Парламентінің Мәжілісіне сайлау 1995 жылы 9 желтоқсанда болып, 67 депутат сайланды. Мәжіліс сайлауларының нәтижелері бойынша ерлер басым-58, әйелдер – 9 депутат боды. Палатаның барлық депутаттары жоғары білімді, оның ішінде 7-і ғылым докторы, 10- ғылым кандидаты.

Сенатқа 40 депутат – 19 облыстан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан сайланды. Сенаттың жеті депутатын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 69-бабына сәйкес және екі жылға сайланған Қазақстан Республикасы парламенті Сенатының депутаттары өкілеттіктерінің конституциялық мерзімінің аяқталуына орай 1997 жылғы 8 қазанда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына депутаттарды 4 жылға сайлау өтті[4].

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 1999 жылғы қыркүйектегі және 2002 жылғы қазандағы сайлауларда Сенат құрамының жартысы қайта сайланды. Қазақстан Республикасы бес облысының таратылуына байланысты екінші сайланған Сенат депутаттары 14 облыстан

және Алматы мен Астана қалаларынан сайланды. 2003 жылы Сенатта 39 депутат болды. Олардың 3-і әйел. Палата депутаттары көпшілігінің заң шығару, дипломатиялық қызмет тәжірибелері, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардағы, ғылыми-зерттеу ұйымдары мен мекемелеріндегі, өндірістік, әлеуметтік-мәдени және кәсіпкерлік салалардағы басшылық қызметтің тәжірибелері бар. Көптеген сенаторлар Жоғарғы Кеңестің және бірінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты болып сайланған.

1999 жылдың күзінде енгізілген конституциялық өзгерістерге сәйкес алғаш рет Орталық Азия өңірінде аралас схема бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің мәжілісіне сайлау өтті, бұл саяси партияларға тең өкілдік негізінде партиялық тізім бойынша Парламентке сайлану мүмкіндігін берді. Осындай жаңалықтардың нәтижесінде бұл сайлау, парламенттік үлгідегі саяси партиялар құру процесін ынталандырып, жоғарғы саяси мәнімен және баламалы түрде өтуімен ерекшеленді. Сайлауға 10 саяси партия қатысты. Мажоритарлық бір мандатты округтерде 547 кандидат тіркелді. Жалпы сайлау барысында сол кезеңде Қазақстан үшін бұрын-соңды болмаған кандидаттар саны- орташа есеппен бір орынға 8 адам тіркелді. Қорытындысында 67 депутат және партиялардан 10 депутат сайланды.

1999 жылғы қыркүйекте алты жыл мерзімге сайланған 16 сенатордың сайлауы 2005 жылғы тамызда өтті. Жаңадан сайланған сенаторларды қосқанда 2005 жылғы желтоқсанда Парламент Сенатында 39 депутат өз қызметін атқарды. Парламентшілердің орташа жас мөлшері -57 жас, 37 ер адам, 2 әйел. Үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне сайлау 2004 жылғы қыркүйекте болып өтті. Сайлауға 12 саяси партия қатысты, олардың ішінде 4-і- екі сайлау блогының құрамында. Сайлау нәтижесінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне 77 депутат сайланды. Сайланған парламентшілердің жалпы санынан 59 депутатты саяси партиялар ұсынды: «Отан», «АИСТ», сайлау блогы, «Асар», «Ақжол», «Қазақстан демократиялық партиясы».

Нәтижесінде Палатаның депутаттық құрамында 69 ер адам және 8 әйел бар. Соңғы жылдар ішінде Палатада парламенттік стажы бар депутаттар саны өсті. Мәжілістің 29 депутаты осының алдындағы сайланымда жұмыс істеген, 3-бірінші және екінші сайланымда, екеуі-Сенатта, 12 депутат бұрын әртүрлі сайланған Жоғарғы Кеңестің депутаттары болған. Депутаттардың көпшілігі сайланғанға дейін мемлекеттік секторда жұмыс істеген, оның ішінде 28 парламентші басшы лауазымдарда қызмет істеген. Көпшілігінің заң шығару қызметіндегі, сондай-ақ өндірістік, әлеуметтік және кәсіпкерлік салалардағы, ғылыми-зерттеу, ғылыми-педагогикалық қызметтегі, қоғамдық ұйымдардағы жұмыс тәжірибесі бар.

«Үшінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Президенті Жарлығының қабыдануына байланысты 2007 жылғы 20 маусымда үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі өз қызметін аяқтады.

Конституцияға 2007 жылғы мамырда енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес төртінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының жаңа құрамы 2007 жылғы тамызда қалыптастырылды. Парламент Сенатында Президент тағайындайтын депутаттар санының 15 адамға дейін ұлғаюын көздейтін өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Елбасы 2007 жылғы тамызда қосымша 8 сенаторды тағайындады. Жаңартылған Конституцияға сәйкес Мәжіліс 107 парламентшіден тұрады. Олардың 98 депутаты 2007 жылғы 18 тамызда 7 саяси партиядан біртұтас жалпы ұлттық округ бойынша жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланды. Мәжілісінің 9 депутатын 2007 жылғы 20 тамызда Қазақстан Халық Ассамблеясы сайлады. Көппартиялы сайлауда дауыс беру кезінде «Нұр-Отан» Халықтық-Демократиялық партиясы ғана 7 пайыздық кедергіден өтіп, оның қатарындағы депутаттар Парламент Мәжілісіндегі барлық 98 орынды иеленді. Палатада түрлі ұлттар өкілдерінің саны артты. Депутаттық корпусының құрамына 82 қазақ, 17 орыс, 2 неміс және белорус, балкар, кәріс, украин, өзбек және ұйғыр кірді. Әйелдердің саны екі еседен астам артты, олар-17 депутат. Мәжілістің құрамына өткен сайланымдағы депутаттық корпусының 39 депутаты, мемлекеттік басқару органдарынан -24 адам, жергілікті мемлекеттік басқару органдарынан -19 адам кірді. Палатада әртүрлі мамандықтағы инженерлердің саны едәуір, олар -42.

Унитарлы мемлекеттердегі екі палаталы жүйенің екі жағынан тиімділігі бар: біріншіден, атқарушы және заң шығарушы билік арасында тұрақты тепе-теңдік туындайды. Екіншіден, «бақылау палатасы» деп аталатын парламенттік машина бірінші палатаның шешімдерін тиянақты тексереді. Заң шығарушылық жұмыс егер екі палатада да екі-екіден жүргізілген де ғана анығырақ болады [5].

Парламенттің кәсіпқойлылығын Сенат пен Мәжілістің депутаттарына білім ценздары, тұрақтылығы мен еңбек стажы қамтамасыз етеді. Екі Палатаның да жұмыстары ашық жүргізіледі және сенаторлардың жартысы жаңартылып отырады. Егер әр сайлау сайын депутаттардың 65-70 пайызының жаңарып отыратындығын еске алар болсақ, келешекте біздің елімізде де депутаттар институтының саяси элитаны тәрбиелеудің және саяси қызметкерлердің жоғары санатын еселеп толықтырудың пәрменді де сапалы арнасы ретінде маңызының арта берері сөзсіз. Парламент пен парламентаризмнің демократиялық және құқықтық –заңнамалық бай танымдық, тәрбиелік ұлағаты ұлттық элитаның қатарын, жоғарғы

мемлекеттік органдарды жаңа, тың күштермен толықтырудың жемісті саяси мектебіне айналды. Ондаған парламентшілер бүгінде атқарушы билік жүйесінде, ғылым мен білім саласында жауапты басшылық қызметте табысты еңбек етуде.

Елімізде демократиялық даму үрдістерін алға бастыратын бірнеше институттар құрылғаны белгілі. Солардың ішіндегісі Қазақстан халқы Ассамблеясы. Республикамызда 130-дан астам ұлт өкілдері бейбіт өмір сүруде. Әртүрлі ұлттардың бейбіт келісімде өмір сүруі Қазақстан Республикасындағы ішкі тұрақтылықты сақтаудың басты міндеті. Соңғы 2007 жылғы сайланған Парламентте түрлі ұлт өкілдеріне сайлану құқығы беріліп, нәтижесінде 9 ұлт өкілі сайлануға мүмкіндік алды.

ҚР Парламентінің Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша Президент келесі жағдайларда тарата алады: Парламент Үкіметке сенімсіздік білдіргенде; Прламент Премьер-министрді тағайындауға екі рет келісім бермегенде; Парламенттің Палаталары арасындағы немесе Парламент пен өкіметтің басқа тармақтары арасындағы еңсерілмейтін келіспеушілік салдарынан саяси дағдарыс болғанда (63-ші баптың 1-ші тармағы) [6].

Парламенттің басты қасиеті, ең бірінші қатарда, заң шығару жолымен халықтың егеменді еркін білдіру болып табылатындығында. Заң шығару процесіндегі Парламенттің әр Палатасының рөлі келесі жайттардан анық көрінеді: Мәжіліске ерекше маңыз беріледі, өйткені, шын мәніне келгенде, заңдарды қабылдайтын Мәжіліс; Сенат бұл жерде тек сүзгі рөлін атқарады, өйткені оның қызметі Мәжіліс қабылдаған заңдарды зер сала оқып-үйреніп, қажет жағдайда оларға түзетулер мен ұсыныстар енгізуге бағытталған. Қазақстан үшін тәуелсіз мемлекет құрып, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға, тоталитаризмнен демократияға көшу оңай болған жоқ. Парламенттің алдындағы міндеті халықаралық үрдістерге және өркениеттер арасындағы қатынастарға атсалысу. Парламенттің Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырыстарындағы және Палаталардың ерекше құзіретін Республика Конституциясы белгілейді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Большой юридический словарь. М., Инфра-м, 1999. С. 473
2. С.Сартаев. Л. Назарқұлова. Қазақстан Республикасы Конституциясының қалыптасу жылдары. А., 2005. 222Б.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. А., 1995.
4. ҚР Конституциясы. А., 2007. 20-32Б.
5. Парламенты. М., С. 37-43.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы. А., 1995.